

**«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
«Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті» мәжілісінің
№ 3 хаттамасы**

Тараз қаласы

18.03.2026 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Дарибаев Ж.Е., Иржанова Г.Ж., Алимбаева С.К., Турарова А.Н., Кабдушев А.А., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Ернишев К.А., Садыбаев А.К., Сейтқасым А.М., Ултанбаев А.Б., Маткурбанова Ж.Д., Жанқуанышев М.Қ., Анарбай А.С., Демеуова Г.Б., Альпенова А.Б., Таджибаева Ж.С., Әлімбекова А.Ү., Карашолахова Г.А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлемдік рейтингерге қатысу нәтижелері туралы.
2. Ішкі аудит нәтижелері туралы.
3. Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу туралы.
4. Әр түрлі мәселелер:
 - 4.1. 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелері
 - 4.2. Тұрақты даму көрсеткіштері бойынша әзірленген құжаттарды талқылау және бекітуге ұсыну.
 - 4.3. Сауалнамалау ережесі жобасын талдау және бекітуге ұсыну.





Тыңдалды.

1-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е. сөз алды.





Жалпы рейтинг нәтижелері сіздерге таныс материал деп ойлаймын. Бірқатар уақыттан бері үнемі жиналыстарда да, сайтта да жарияланып жүр. 2025-2026 оқу жылында университетіміз рейтингтің 9 түріне қатысуда. Олар:

- 1) QS World University Rankings
- 2) QS Sustainability Rankings
- 3) QS Stars University Ratings
- 4) QS Asia University Rankings
- 5) Times Higher Education (THE) World University Rankings
- 6) Times Higher Education (THE) Interdisciplinary Science Rankings
- 7) Times Higher Education (THE) Impact Rankings
- 8) Webometrics Ranking of World Universities
- 9) UI GreenMetric World University Rankings

QS World University Rankings рейтингіне 2 жыл қатарынан енген болатынбыз. Өкінішке орай, өткен жылы бұл рейтингтен шығып қалдық. Оның негізгі себептерінің бірі, жарияланымдар санының аздығына байланысты, және QS агенттігінің методологиясындағы өзгерістер, қатандатылған талаптар және осы рейтингке қатысатын әлемдік университеттердің санының артуына да байланысты. Бірақ негізгі себеп жарияланымдар санының аздығы болып қала береді. Біз жарияланымдар санын арттырмағанымызша әлемдік рейтингтің бұл түріне қосылуымыз қиын болып қала береді. Сондықтан барлық жоспарлау жұмыстарында осы көрсеткіш назарда болу керек. Бұдан басқа регионалды рейтинг ретінде, Азия университеттері арасында болатын рейтингке университетіміз қатысып жүр. QS Asia рейтингінде алғашқы жылдары 550 орында тұрсақ, қазіргі таңда 700 орында тұрмыз.



Бұдан басқа QS Stars рейтингіне қатысқанбыз, осыдан 3 жыл бұрын. QS Stars рейтингі бойынша «3 жұлдыз» номинациясын алдық. Бұл рейтинг 3 жылда бір рет өткізіледі. Яғни 2024 жылы жарияланған көрсеткіш 2026 жылдың желтоқсан айына дейін жарамды. 4-ші рейтинг QS тұрақты даму бағыты бойынша. QS World University Rankings:sustainability 2026 рейтингінде Тараз университеті М. Х. Дулати әлемдік рейтингте 1501-ден астам орынға ие болды. QS тұрақты даму рейтингі әлемнің 108 елінен 1994 университетті қамтиды, Орталық Азия өңірі бойынша рейтингке 827, ал Қазақстан Республикасы бойынша-23 университет кірді. Биылда осы рейтингке қатысу жұмыстары жүргізілуде.



«Times Higher Education (THE) Impact rankings» күрделі әрі маңызды рейтингтердің бірі. QS рейтингке қарағанда ғылыми бағытқа негізделген, яғни ғылыми көрсеткіштер негізгі рөл атқаратын рейтинг. Қазіргі таңда Қазақстан бойынша санаулы университеттер ғана бұл рейтингтің құрамында бар. Біз 2024 жылы «репортер» статусын иелендік. Бұл әрине өте жақсы бір жаңалық. Бірақ 2025 жылы репортер статусынан айрылып қалдық. Бұның негізгі себебі жарияланымның санының аздығына байланысты. THE агенттігінің шарттары бойынша 5 жылдың ішіндегі барлық жарияланымдар саны, 1000 жарияланымнан асу қажет. Сонымен қатар жылына 200 астам жарияланым шығу керек. Жарияланым болғанда, рейтингтік журналдардағы публикация туралы айтылып отыр. Әрине, қазір біздің бұл шарттарға шамамыз жетпейді. Қазіргі 5 жылдың ішіндегі Дулати университетінің публикация саны 530-дың жобасында.



Interdisciplinary Science Ranking (ISR)—THE рейтинг жүйесіндегі жаңа бағыт. Ол университеттердің Пән аралық ғылыми белсенділігін және олардың ғылыми жетістіктерінің қоғамға әсерін бағалауға бағытталған. Times Higher Education (THE) беделді ұйымы Schmidt Science Fellows бағдарламасымен бірлесіп жүргізген Interdisciplinary Science Ranking (ISR2026) бағалау нәтижелері бойынша университет "репортер" мәртебесіне ие болды. Бұл мәртебе университеттің халықарық ғылыми қоғамдастықтағы белсенділігінің, оның сапалы деректер берудегі жауапкершілігінің және академиялық мәдениеттің жоғары деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады. ISR 2026 рейтингіне әлемнің 92 елінен 749 ЖОО қатысты. Олардың ішінде Азиядан 370 университет және Азияның 15 елінен 47 жоғары оқу орны үздік 100-ге кірді.



8-ші рейтинг – Webometrics рейтингі. 2025 жылдың қаңтар айында Webometrics ұйымдастырған рейтингке әлемнің түкпір-түкпірінен 32000-ға жуық жоғары оқу орындары қатысқан. Және Дулати университеті 2025 жылы "Webometrics Ranking of World Universities" жоғары 32 000 университеті арасында – 15310 орынға ие болды. Азияның университеті арасында 5531 орын, 124 қазақстандық ЖОО арасында 40 орын алды.

Год	Мировой рейтинг	Континентальный рейтинг	Рейтинг страны	Рейтинг воздействия	Рейтинг открытости	Рейтинг совершенства
2024	21579	9337	69	21786	8671	7505
2025	15310	5511	40	15127	8662	7445

UI GreenMetric рейтингі – бұл Индонезия университеті жасап жатқан рейтинг. Бұғанда қатарынан 2 жыл қатыстық. 2024 жылы 1291-ші орында болсақ, 2025 жылы 1281 орын алдық. Яғни 10 позиция көрсеткіштеріміз жақсарды. GreenMetric рейтингіне де шамамен 3000-нан астам университет қатысады. Осы рейтингтер бойынша жұмыстар жүргіліп жатыр. Сұрақтарыңыз болса айтыңыздар.

Төрайым сөз алды: Әріптестер, сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Дулати университетінің әлемдік рейтингерге қатысу нәтижелері туралы мәліметтер назарға алынсын.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е. сөз алды.

Университетімізде 25.12.2025ж. №15-37/7-1/704 бұйрық. Негізінде 08.01 – 16.01.2026ж. аралағында кешенді ішкі аудит ұйымдастырылды. Кешенді ішкі аудит тұтынушылар талаптарына жауап беретін және ішкі нормативтік құжаттар талаптары бойынша көрсетілетін қызметтер деңгейін тұрақты арттыру жөнінен ұйымдастырылды. Алдымен кешенді ішкі аудиттің бағдарламасы әзірленіп, бекітілді және танысу үшін барлық құрылымдарға таратылды.

Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудит бағдарламасы		Ф 7-1.2.09 – 2025 10.11.2025	
«М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАК			
БЕКІТІЛДІ «М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті» КеАК Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор III Есімнова (Стратегиялық даму басқармасының басшысы комитетінің шешімімен 25.12.2025ж. №2 хаттама)			
ISO 9001:2015 Халықаралық стандартының 9.2 бабына сәйкес «ІШКІ АУДИТТІҢ» БАҒДАРЛАМАСЫ			
Ішкі аудиттің ашылу жиналысы	“ 08 ” 01, 2026ж. сағ. 12:00 – 13:00. № 2.3.308 корпус		
Сапа бойынша басшылық өкілі	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор III Есімнова		
Бас аудитор	Стратегиялық даму басқармасының басшысы Ж.Дарибаев		
Ішкі аудит мерзімі	08.01 – 16.01.2026		

Сапа менеджменті жүйесінің ішкі аудит бағдарламасы			Ф 7-1.2.09 – 2025 10.11.2025	
№	Аудиторлық топтар мен аудиторлар	Құрылымдар атауы	Уақыты	Күні
1-ші бағыт: Ғимараттар мен әлеуметтік нысандар				
1	№1 топ Дарибаев Ж.Е. Юнусова Р.Б Маткурбанова Ж.Д	Корпусстар мен ғимараттар, аспиратор, медресе, Қауіпсіздік қызметі	9.00 – 18.00	08.01-09.01 2026ж.
2-ші бағыт: Факультеттер-кафедралар				
2	№2 топ Дарибаев Ж.Е. Кулмшинова С.Ж Абдрахмшинова А.Т Кулибаева Д.Д. Оспанова П.А.	1 Химия және химиялық технологиялар» кафедрасы 2 Технологиялық факультет 3 «Токыма, материалтану және стандарттау» кафедрасы 4 «Тарих» кафедрасы 5 «Математика» кафедрасы 6 «Химия» кафедрасы 7 «Әлем тілдері» кафедрасы 8 «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасы 9 «Мұзыка және көркем	9.00 – 10.45 11.00- 12.45 14.00 – 15.45 16.00 – 17.45 9.00 – 10.45 11.00- 12.45 14.00 – 15.45 16.00 – 17.45 9.00 – 10.45	12.01.2026ж. 13.01.2026ж. 14.01.2026ж.

Бағдарламаға сәйкес, ішкі аудитті өткізу алдында ашылу жиналысы ұйымдастырылды. Ашылу жиналысында барлық құрылым басшыларына аудит мақсаты, стандарт талаптары, аудиторлар туралы деректер, тексеру барысындағы бақылау критерийлері мен сәйкессіздік актілері туралы түсіндірілді.

Ішкі аудит ҚР СТ ISO 9001-2016 ҚР ұлттық стандартына сәйкес ұйымдастырылды. Ішкі аудитті жүргізетін 15 аудитордан тұратын 4 аудиторлық топ құрылды.

№	Аудитордың аты-жөні	Қызметі	Құрылымдық бөлімнің атауы
№1 аудиторлық топ			
1.	Дарибаев Жанали Еркинбекұлы	Басшы	Стратегиялық даму басқармасы
2.	Юнусова Рамина Батыржанқызы	Сектор меңгерушісі	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
3.	Маткурбанова Жадра Давлатбайқызы	Маман	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
№2 аудиторлық топ			
1.	Дарибаев Жанали	Басшы	Стратегиялық даму

	Еркинбекұлы		басқармасы
2.	Кулманова Самал Жетесқызы	Аға оқытушы	Қолданбалы математика және физика кафедрасы
3.	Абдрахманова Айгуль Турсынбайқызы	Аға оқытушы	«Әлеуметтік психология» кафедрасы
4.	Кульбаева Дина Дюсебайқызы	Кафедра меңгерушісі	«Философия және саясаттану» кафедрасы
5.	Оспанова Перизат Абылқызы	Аға оқытушы	«Практикалық шетел тілдері» кафедрасы
№3 аудиторлық топ			
1.	Юнусова Рамина Батыржанқызы	Сектор меңгерушісі	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
2.	Кенжебаева Марина Толеуқызы	Қауымдастырылған профессор (доцент)	«Экономика және менеджмент» кафедрасы
3.	Сабралиева Жанар Тузельбекқызы	Аға оқытушы	«Педагогикалық психология» кафедрасы
4.	Ораз Гүлзат Тайырқызы	PhD доктор	«Тоқыма, материалтану және стандарттау» кафедрасы
5.	Сейтбекова Гүлназия Аташбекқызы	Қауымдастырылған профессор (доцент)	«Химия және химиялық технологиялар» кафедрасы
№4 аудиторлық топ			
1.	Маткурбанова Жадра Давлатбайқызы	Маман	Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімі
2.	Бауберикова Айжан Бауберикқызы	Аға оқытушы	«Қылмыстық құқық және процесс» кафедрасы
3.	Джакишева Лейла Колчабайқызы	Қауымдастырылған профессор (доцент)	«Экономика және менеджмент» кафедрасы
4.	Келесова Уржамал Сагимбекқызы	Қауымдастырылған профессор (доцент)	«Дизайн және сән индустриясы» кафедрасы
5.	Нусупова Асима Женисбекқызы	Қауымдастырылған профессор (доцент)	«Журналистика и филология» кафедрасы

Бағдарламаға сәйкес, ішкі аудитті өткізу алдында ашылу жиналысы ұйымдастырылды. Ашылу жиналысында барлық құрылым басшыларына аудит мақсаты, стандарт талаптары, аудиторлар туралы деректер, тексеру барысындағы бақылау критерийлері мен сәйкессіздік актілері туралы түсіндірілді.

Ішкі аудит ҚР СТ ISO 9001-2016 ҚР ұлттық стандартына сәйкес ұйымдастырылды. Ішкі аудитті жүргізетін 15 аудитордан тұратын 4 аудиторлық топ құрылды.

Кешенді ішкі аудит жалпы саны 87 құрылымдық бөлімшелерге жүргізілді. Оның ішінде: 43 - факультеттер мен кафедраларға, 26 - департаменттер, орталықтар мен бөлімдерге, 18 - ғимарат, асхана, қауіпсіздік құрылымдарына 08.01 - 16.01 аралығында кешенді ішкі аудит ұйымдастырылды.

Аудит барысында 307 сәйкессіздікке актілер түзілді. Олардың 189-ы – елеулі, 118-і – елеусіз сәйкессіздіктер.

10.03.2026 дейін жойылған сәйкессіздіктердің жалпы саны - 227 (74 %). Ал, жойылмаған сәйкессіздіктердің саны 80, ол жалпы көрсеткіштің 26%-ын құрайды.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық, Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Жоғарыдағы мәліметтер назарға алынып, Ішкі аудит нәтижелері туралы есеп Ғылыми кеңеске ұсынылсын.

3-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев Ж.Е. сөз алды.

2025 жылғы 8 желтоқсанда жасалған №111-СА шарт негізінде 02.03. – 07.03.2026ж наурыз аралығында университетте 31 БББ бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеуі өткізілді. Процесті Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (IAAR) жүзеге асырды. 31 білім беру бағдарламасы 9 кластерден тұрады. 1 кезеңде 5 кластер, 2 кезеңде 4 кластер. 2 кезеңде тек алғаш рет аккредиттеуге ұсынылған білім беру бағдарламалары өтті.

1 кезең

1 кластер	2 кластер	3 кластер	4 кластер	5 кластер
1) 6B01707-Подготовка учителей по иностранным языкам 2) 7M01702- Подготовка педагогов русского языка и литературы 3) 7M01703- Подготовка педагогов по иностранным языкам	4) 6B01506-Подготовка учителей географии 65 7M01502- Подготовка педагогов физики 6) 7M01504- Подготовка педагогов химии 7) 7M01505- Подготовка педагогов биологии 8) 7M01601- Подготовка педагогов истории	9) 6B01405-Подготовка учителей начальной военной подготовки 10) 6B01503- Подготовка учителей информатики 11) 6B01801- Подготовка социальных педагогов 12) 7M01101- Педагогика и психология 13) 7M01501- Подготовка педагогов математики	14) 6B01901- Логопедия 15) 6B02101- Хореография	7M04119 Экономика

2 кезең

1 кластер (первичная аккредитация)	2 кластер (первичная аккредитация)	3 кластер (первичная аккредитация)	4 кластер (первичная аккредитация)
1) 6B01903 Специальная педагогика –Дефектология 2) 6B01103 Психология (IP) 3) 6B01202 Дошкольное образование (IP) 4) 6B01302 Начальное образование (IP) 5) 6B01907 Специальная педагогика (IP)	6) 6B01510 Химия (IP) 7) 6B01513 Математика (IP) 8) 6B01514 Физика (IP) 9) 6B01515 Информатика (IP) 10) 6B01518 География (IP)	11) 6B01533 Биология (IP) 12) 6B01603 История и обществознани е (IP)	6B04149 Управление государственными услугами 7M04141 -Экономика (1 жыл) 7M04142 Управление государственными услугами (1 жыл)

Мамандандырылған аккредиттеу бойынша алдын-ала жұмыс комиссиясы құрылды. Жұмыс комиссиясының максаты кафедраның агенттікке дайындаған бағалау есептерін алдын-ала тексеріп, кемшіліктерін түзету болды. 9 кластерге, 9 бағалау есебі дайындалды. 9 кластерді 2 эксперт тарапынан бағалау есебін тексеретін етіп жұмыс ұйымдастырылды. Бірақ кейбір есептер 1 эксперт тарапынан тексеріліп агенттікке жолданды. Болашақта осы мәселелерді ескерсеңіздер екен. Кафедра тарапынан дайындалған бағалау есептерін, агенттікке жолдамас алдын тексеріп алған өте маңызды. Сонымен қатар сыртқы сарапшылардың төрағасы 4 білім беру бағдарламасының есебінде университетіміздегі БББ санының әр түрлі көрсетілгені туралы айтып өтті.

Сонымен қатар, аккредиттеуге жалпы саны 27 сыртқы сарапшы қатысты: оның 12-сі офлайн, 15-і онлайн форматта. Алғашқы күні сарапшылар университеттің жоғары басшылығымен, құрылым басшыларымен, факультет декандарымен, кафедра меңгерушілерімен, оқытушылармен, студенттермен, түлектермен және жұмыс берушілермен интервью-кездесулер өткізді. Бұл сұхбаттарға жалпы саны 313 адам қатысты. Сондай-ақ, агенттік тарапынан студенттер мен оқытушыларға сауалнама жүргізіліп, оған 209 адам қатысты. Бірінші және екінші кезең барысында сарапшылар кластерлер бойынша оқу-материалдық және өндірістік-практикалық базаларымен танысты, оқу үдерісін бақылады, ішкі нормативтік құжаттармен танысты. Сарапшылар бағдарламалардың өзін-өзі бағалау есептерін зерделеп, маңызды ұсыныстар мен ескертулер берді.

Тасуов Б.Б.сөз алды: Жанали Еркимбекович, менде сұрақ бар еді. Осы біздегі ІР бойынша білім беру бағдарламаларына қанша жылға сертификат беріледі?

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Жалпы агенттіктің стандартында білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімі 5 жылға дейін деп, ерекше жағдайда 7 жылға дейін аккредиттелуі мүмкін деп жазылып қойылған. Негізінен білім беру бағдарламалаы 5 жылға аккредиттеледі, егер талаптарға сәйкес болса. Ал егер талаптарға ішінара сәйкес болмаса 3 жыл мерзімге, кейде одан төмен мерзімге аккредиттелуі мүмкін. Ал талаптарға мүлдем сәйкес болмаса, онда аккредиттеуге жарамсыз деген қорытынды шығарып, бізге хабарлама жібереді.

Төрайым сөз алды: Әріптестер, сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

3.Шешім: Білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу нәтижелері турал мәліметтер назарға алынсын.

4.2-ші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің басшысы Жанқуанышев М.Қ. сөз алды:

Құрметті комитет мүшелері, 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасының орындалу көрсеткіштеріне мониторинг нәтижелерімен таныстырып өтейін. 2023-2024 оқу жылында Даму бағдарламасының жалпы саны 100 көрсеткіш болған. Оның ішінде 69 көрсеткіші орындалған. Ал 31 көрсеткіш орындалмаған. 2024-2025 оқу жылында жалпы көрсеткіш саны 117 -ні құраған. 117 көрсеткіштен 97 көрсеткіш орындалған болса, 20 көрсеткіш орындалмаған. Ал 2025-2026 оқу жылы бойынша көрсеткіштеріміздің жалпы саны 118 -ді құрады. Оның ішінде орындалғаны 37, орындалмағаны 81 көрсеткіш.

2023-2024		2024-2025		2025-2026	
Кол-во выполненных показателей	Кол-во невыполненных показателей	Кол-во выполненных показателей	Кол-во невыполненных показателей	Кол-во выполненных показателей	Кол-во невыполненных показателей
69 (69%)	31 (31%)	97 (83%)	20 (17%)	37 (31,4%)	81 (68,6%)
100		117		118	

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Әріптестер, байқасаңыздар даму бағдарламасының бірқатар көрсеткіштері төмен. Бұл назар аударатын жайт. Бірақ бұл ескі даму бағдарламасы болғандықтан да шығар мүмкін. Бағдарламаны қабылдағанымызға 3 жыл уақыт өтті. Кез-келген ұзақ мерзімді жоспар түзетулерді талап етеді. Сондықтан, бағдарламаға бірнеше рет актуализация жұмыстары жүргізіліп аяқталды. Бірақ бағдарлама директорлар кеңесі тарапынан әлі бекітілмеген. Екіншіден, бағдарламада орындалмаған көрсеткіштер саны туралы. Көрсеткіштердің орындалуына жиі мониторинг жүргізілу керек деп ойлаймын.

Төрайым сөз алды: Әріптестер, сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық,

Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім:

1. Университеттің даму бағдарламасын өзектендіру кезінде Бағдарламаның негізгі көрсеткіштерінің санын, бағытын және күрделілігін ескеру қажет. Даму бағдарламасының негізгі көрсеткіштерінің орындалуына тоқсан сайын мониторинг жүргізу көзделсін. Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімі, факультет декандары, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің басшылары жауапты болып айқындалсын. Орындалу мерзімі – тұрақты түрде.

4.2-ші мәселе бойынша Стратегиялық жоспарлау және үйлестіру бөлімінің бас маманы Мамбетова А.С. сөз алды:

«М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті» КеАҚ Тұрақты даму мақсаттарын (ТДМ) жүйелі түрде жүзеге асыру аясында университеттің ресми сайтында арнайы «Тұрақты даму мақсаттары» парақшасын жаңартылған құрылымда ұсынуда.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарының стратегиялық дамуында ТДМ ерекше маңызға ие. Бұл бағыт университеттің

- білім беру сапасын арттыруға;
- ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға;
- әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуге;
- қызметтерін жаһандық талаптарға сәйкестендіруге;
- халықаралық рейтингтерге қатысуға;
- бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;
- тұрақты даму қағидаттарын білім беру үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді.

Аталған парақша құрылымы пайдаланушыларға ыңғайлы болу мақсатында жүйелі түрде бірнеше негізгі бөлімдерден тұрады.


Біріншіден, сайттың бас бетіндегі жолақта «Тұрақты даму мақсаттары» атауы үш тілде ұсынылған: қазақ тілінде – Тұрақты даму мақсаттары, орыс тілінде – ЦУР, ағылшын тілінде – SDG.

Екіншіден, парақша келесі негізгі тараулардан тұрады: ТДМ жаңалықтары, ТДМ құжаттары, ТДМ 17 мақсаттары, ТДМ жоспарлары, ТДМ есептері, Фотогалерея және Байланыс ақпараты.



ТДМ жаңалықтары бөлімінде университеттің халықаралық рейтингтердегі көрсеткіштері ұсынылған. Атап айтқанда, QS Sustainability, QS Stars, THE Impact және UI Green Metric рейтингтері бойынша сертификаттар, орындар және талдамалық материалдар орналастырылады. Бұл көрсеткіштер университеттің жаһандық білім кеңістігіндегі орнын айқындайды.

ТДМ 17 мақсаттары бөлімінде әрбір мақсат жеке-жеке визуалды түрде беріліп, олардың міндеттері көрсетіледі. Сонымен қатар, барлық 17 мақсатты қамтитын жалпы көрнекі материал да ұсынылады.



ТДМ құжаттары бөлімінде университеттің тұрақты даму саласындағы негізгі нормативтік құжаттары, соның ішінде саясаттар, ережелер және әдістемелік ұсынымдар жинақталған.

ТДМ жоспарлары бөлімінде университеттің орта мерзімді даму жоспарлары, ал ТДМ есептері бөлімінде атқарылған жұмыстардың нәтижелері көрсетіледі.

Фотогалерея бөлімінде білім беру, ғылым, әлеуметтік қызмет және студенттік өмірге қатысты іс-шаралар көрініс табады.

Соңғы байланыс ақпараты бөлімінде жауапты тұлғалардың деректері беріліп, кері байланыс орнатуға мүмкіндік жасалған.

Сонымен қатар, аталған «Тұрақты даму мақсаттары» парақшасы аясында университеттің тұрақты даму бағытын жүйелі жүзеге асыру мақсатында бірқатар маңызды нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітуге ұсынылады.

Атап айтқанда:

- 2026–2029 жылдарға арналған ТДМ саясаты;
- мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған 2026 жылғы инклюзиялық саясат;
- 2025 жылға арналған білім алушылар мен қызметкерлер арасында орнықты даму саласындағы білімнің сауаттылығын бағалау ережесі;
- ТДМ жоспарлары мен есептері;
- тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу кезінде университеттің құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасау қағидалары;
- 2025 жылға арналған Тұрақты даму комитеті туралы ереже;
- сондай-ақ тұрақты даму бағытына қатысты өзге де ішкі нормативтік құжаттар.

Аталған құжаттарды бекіту университеттің тұрақты даму саласындағы қызметін жүйелеуге, басқару тиімділігін арттыруға және халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, аталған парақша университеттің тұрақты даму бағытындағы қызметін ашық көрсетіп қана қоймай, халықаралық рейтингтерге белсенді қатысуына және оның беделін арттыруға ықпал етеді.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Бұл туралы жалпы 6 ішкі нормативтік құжат дайындалды. Құжаттардың барлығы ЦУР бағытына қатысты болғандықтан, назарларыңызға ұсынып отырмыз. Құжаттар туралы қосымша ұсыныстарыңыз болса қосымша енгізуге болады. Бұл жерде 6 нормативтік құжат, 1 жоспар және 1 есеп ұсынылып отыр.

Төрайым сөз алды: Әріптестер, сұрақтарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: Тұрақты даму көрсеткіштері бойынша әзірленген мәліметтер назарға алынып, тұрақты даму көрсеткіштері бойынша әзірленген құжаттар бекітілсін. Жауапты – Анарбай А.С. Мерзімі – Наурыз 2026ж.

4.3-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Ж.Дарибаев. сөз алды.

Университетімізде басқарма тарапынан Сауалнамаларды әзірлеу бойынша жұмыс нұсқаулығы әзірленді. Сауалнамаларды әзірлеу бойынша осы жұмыс нұсқаулығы ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың университет көрсететін білім беру және басқа қызметтердің сапасына қанағаттанушылығын бағалау бойынша кері байланыс жүйесін жүзеге асыру тәртібін сипаттайды. Яғни студенттердің, оқытушылардың, жұмыс берушілер мен түлектердің білім сапасы мен қызметтеріне қаншалықты қанағаттанатынын анықтау мақсатында жасалған. Сауалнамалау циклі 11 кезеңнен тұрады. Олар:

- 1) 1-кезең. Бастапқы сауалнаманы дайындау
- 2) 2-кезең. Бастапқы сауалнаманы жүргізу
- 3) 3-кезең. Алынған нәтижелерді өңдеу және талдау
- 4) 4-кезең. Ішкі мүдделі тараптарға есептер беру
- 5) 5-кезең. Респонденттердің қанағаттанбау дәрежесін төмендету жөнінде шаралар қабылдау
- 6) 6-кезең. Қабылданған шаралар туралы мүдделі тараптарды хабардар ету
- 7) 7-кезең. Қайта сауалнама дайындау (1-кезеңге ұқсас)
- 8) 8-кезең. Қайта сауалнама жүргізу (2-кезеңге ұқсас):
- 9) 9-кезең. Алынған нәтижелерді өңдеу және салыстырмалы таңдау (3-кезеңге ұқсас):
- 10) 10-кезең. Ішкі мүдделі тараптарға қайта сауалнама есептерін ұсыну (4-кезеңге ұқсас):

- 11) 11-кезең. Сауалнамалау циклінің қорытындысы бойынша шешім қабылдау;

Осы 11 кезеңнің 6-уы сауалнама жүргізілген кезде басшылыққа алатын кезеңдер. Сауалнаманы қалай дайындау керек. Сауалнама жүргізген кезінде ескеру керек негіздемелер, сауалнаманы өңдеу кезінде нәтижелер қалай талдайды. Респонденттердің ұсыныстарын бағыт бойынша қалай топтастыру керек, қалай есеп беріледі соның барлығы осы жұмыс нұсқаулығында көрсетілген. Қалған 11 кезеңнің 5-еуі қайта сауалнама жүргізуге арналған. Қосымша ұсыныстарыңыз болса айтсаңыздар, ұсыныстарыңыз болмаса құжатты қабылдауға ұсынамыз.

Төрайым сөз алды: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпаратты назарға алып, шешім қабылдайық. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: «Сауалнамаларды әзірлеу бойынша жұмыс нұсқаулығы» бекітілсін. Жауапты - Маткурбанова Ж.Д.. Мерзімі – Наурыз 2026ж.

Төрайым

/қолы/

Ш.Есимова

/аты-жөні/

Хатшы

/қолы/

Ж.Маткурбанова

/аты-жөні/